КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 21 қаңтар №2713-24-00-2/2975 іс Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Ергалиева,
сот отырысының хатшысы Д.Бурекешова қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі электронды форматта қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Батысирригация» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Tradeton» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
талап қоюшының өкілі К.М. Сагитов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

26.05.2026 жылы талап қоюшы тапсырыс беруші ретінде ал жауапкер өнімді жеткізуші ретінде тауарларды мемлекеттік сатып алулар туралы №47 келісімшартқа отырған. Шарт бойынша жауапкер аудармалы шанағы бар платформалар қатарына жататын, жүк көтергіштігі 20 тоннадан кем емес, дизельдік, өздігінен түсіргішті жеткізуге міндет алған. Шарттың жалпы бағасы 35 504 000 теңгені құрайды.

Тауарды жеткізу мерзімі келісімшарт қазынашылықта тіркелген күннен бастап 60 күнтізбелік күнді құрайды. Тауар уақытында жеткізілмеді. Осы себепті талап қоюшы талап-арызбен сотқа жүгінген. Сонымен қатар 16.10.2025 жылы талап-қоюшы, жауапкерге келісімшартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдаған.

Сотқа жолданған пікірде жауапкер талап-арызбен келіспей, талап-арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында талап-қоюшының өкілі талап-арызды қолдап қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 28.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Ергалиева А. Т., 03.03.2026

2713-25-3-6/203

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «БАТЫСИРРИГАЦИЯ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Кіріс № 51
2026 ж. «04» 03

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің өкілі, жауапкер, сот отырысының болатын уақыты мен форматы туралы тиісті түрде хабарланғанына қарамастан, сот отырысына келмеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңына Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Талап қоюшы осы баптың 4 тармағында көрсетілгендей, жауапкер өз міндеттемелерін орындамауына байланысты сотқа жүгінген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 349-бабына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 28.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Ергалиева А. Т., 03.03.2026

2713-25-3-6/203

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер мемлекеттік сатып алулар туралы келісімшартпен көзделген міндеттемелерді орындамады, жүк тиегішті жеткізбеді, яғни өз міндеттемелерін бұзды.

Азаматтық кодекстің 359-бабының 1,2 тармақтарында көрсетілгендей борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Заңдарда немесе шартта жауапкершіліктің және одан босатылудың өзге негіздері ескерілуі мүмкін.

Жауапкерді заңмен көздлегне азаматтық жауапкершіліктен босататын мән-жайлар жоқ болуына байланысты, талап-қоюшының талап-арызы, жауапкерді мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану бөлігінде қанағаттандырылуға жатады.

Мемлекеттік сатып алулар туралы келісімшарттың 7.3. тармақшасына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Сотта анықталғандай, жауапкер тауарды жеткізу бойынша келесімшартпен көзделген міндеттемені бұзған.

Азаматтық кодекстің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Осыған байланысты талап-қоюшының келісімшартпен көзделген, 994 112 теңге көлеміндегі тұрақсыздық айыбы негізді есептелген және жауапкерден өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттін пайдасына мемлекеттік баж алынуы керек.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 28.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Ергалиева А. Т., 03.03.2026

2713-25-3-6/203

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 223-226 -баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап-арыз қанағаттандырылсын.

«Tradeton» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Tradeton» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 994 112 (тоғызжүз тоқсан төрт мың жүз оң екі) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы мен 25 789 (жиырма бес мың жетіжүз сексен тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404- баптарының талаптарын сақтай отырып, Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Т. Ергалиева**

Сот өндірісі
Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 28.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Ергалиева А. Т., 03.03.2026

2713-25-3-6/203